

Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2012 жылғы 9 ақпандағы № С-2/3 « Еңбекшілдер ауданындағы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2012 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі № С-7/4 шешімі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 9 тамызда № 1-10-169 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 9 қаңтардағы № С-12/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 09.01.2013 № С-12/2 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8, 9 тармақтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» № 183 қаулысының 1, 2 тармақтарына сәйкес, Еңбекшілдер аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының Еңбекшілдер ауданындағы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2012 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы 2012 жылғы 9 ақпандағы № С-2/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-10-155 тіркелген, 2012 жылғы наурызда аудандық «Жаңа дәуір»-«Сельская новь» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін: шешімнің атауы жаңа редакцияда баяндалсын:

«Еңбекшілдер ауданындағы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға келесі әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы»;

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Еңбекшілдер ауданындағы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға әлеуметтік қолдау шаралары жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы беру түрінде, тұрғын үй сатып алу немесе тұрғын үй салу үшін әлеуметтік қолдау бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін».

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы О.Жомартов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы С.Есполов

«КЕЛІСІЛДІ»

А қ м о л а о б л ы с ы
Еңбекшілдер ауданының әкімі А.Садуақасұлы